



Болашаққа ұмтылған университет:  
дәстүрлері, инновациялары, жетістіктері!

**Д. СЕРІКБАЕВ атындағы  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

## **САПА АЯСЫНДАҒЫ САЯСАТ**

*ШҚМТУ - бұл білім беру бағдарламаларының барлық аспектілерінде жоғары деңгейге жетуге тырысатын сондай-ақ бүгінгі және ертеңгі экономика мен қоғамның алдында тұрған жаһандық мәселелеріне инновациялық білім беру және зерттеу шешімдерін ұсынатын Қазақстанның жетекші техникалық университеті.*

*Сапа аясындағы саясат университет миссиясын іске асыруға бағытталған: ШҚМТУ барлық студенттерге сапалы, озық, көп деңгейлі білім береді және оларды болашақ инженерлер мен кәсіпкерлер ретінде ғаламдық ортада жұмыс істеуге дайындайды.*

*Саясат университеттің құндылықтары мен дәстүрлеріне, қызметі ғылымның, білімнің интеграциясын, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың практикалық бағытын, жаңа технологиялар, білім, инновациялық идеяларды қалыптастыру мен беруді қамтамасыз ететін мектептер, оқытушылар құрамы, ғылыми орталықтар, зертханалардың әлеуетіне негізделген.*

### **ШҚМТУ-дың сапа аясындағы саясаты ескереді:**

- инновациялық оқу жүйесін жетілдіруді, заманауи ақпараттық білім беру технологияларын енгізуді, оқытуда іс-тәжірибелік бағдарлануға ерекше назар аударуды;
- бәсекеге қабілеттілігі, дағдылары мен қазіргі қоғамда бейімделу қабілеті бар мамандарды даярлауға жүйелі көзқарас;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру процесіне жұмыс берушілерді тартуды;
- білім беру үдерісімен интеграциялану арқылы ғылыми-инновациялық қызметті дамытуды, өңірдің салалық кәсіпорындарының ғылыми-техникалық міндеттерін шешуді;
- халықаралық ғылыми және білім беру жобаларына, академиялық мобильділік бағдарламаларына қатысу арқылы әлемнің білім беру кеңістігімен интеграциялануды;
- жоғары білікті кадрлық әлеуетті қалыптастыруды;
- академиялық, ғылыми-зерттеу қызметтерінде, құжат айналымы саласындағы университетті цифрландыру арқылы қызметкерлердің сандық дүниетанымын жетілдіру;
- КРІ (тиімділіктің түйінді көрсеткіштерін) енгізу арқылы ПО құрамы қызметінің нақты нәтижесіне бағытталуды;
- оқытушылардың, қызметкерлер мен студенттердің әлеуметтік қорғалуын күшейтуді;
- қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртуды және заманауи инфрақұрылымды құруды;
- корпоративтік мәдениет және жаңа талаптарға барабар ішкі бәсеке ортасын құруды;
- моральдық әлеуметтік ортаны құру – «Моральды адал аумақ», онда әлеуметтік құбылыс пен құқық бұзушылық ретінде сыбайлас жемқорлықтың көрінісі мен қалыптасуына орын жоқ;
- «тыңдаушы университет» тұжырымдамасын іске асыру;
- тиімді сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) жетілдіруді;

*ШҚМТУ-дың жоғары басшылығы осы сапа саясатын іске асырудың көшбасшысы болып табылады, ол аталған саясатты және университеттің стратегиялық даму бағдарламасын іске асыруға ұжымды жұмылдырып тырысады, сөйтіп, жұмысқа көңіл бөлуде жеке үлгі көрсетіп, СМЖ қағидасына шынайы берілгендігін танытады.*

*Университет қызметкерлері СМЖ процестерінің білікті әрі толық құқылы қатысушылары болып табылады, сондай-ақ жұмыс сапасын және оның нәтижелілігін барынша арттыра отырып, өз қызметін ынталы әрі жауапты түрде жоспарлайды және жүзеге асырады*

**Ректор**

**Ж. Шаймарданов**  
07.10.2019 ж

2019 жылғы 7 қазанда СМЖ жөніндегі ҮК мәжілісінде мақұлданды